

БЕКІТІЛДІ

«М.Х.Дулати атындағы Тараз
университеті» КЕ АҚ

Стратегиялық, халықаралық даму және
сапа комитетінің шешімімен

(03 .2025 ж. № 3 хаттама)






«BIZ BIRGEMIZ» ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Тіркеу № 07

ТАРАЗ, 2025

© Бұл М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және /
немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д.Д.	 /колы/	11.03.2025 ж.
	Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы – Нұрмайлов А.Е.	 /колы/	11.03.2025 ж.
	BIZ BIRGEMIZ волонтерлық қозғалысының жетекшісі-Ақпанова Н.Е.	 /колы/	11.03.2025 ж.
2. ЕНГІЗІЛГЕН:	Жастармен жұмыс бөлімімен		
3. ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	2015 жылғы ереже орнына енгізілсін		
5. ТАРАТЫЛСЫН:	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөліміне таратылсын		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің шешімімен бекітілді. Хаттама № 3, «28» 03 2025 ж.		
7. КЕЛІСУШІЛЕР:	Баскарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /колы/	14.03.2025 ж.
	Баскарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.	 /колы/	13.03.2025 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.	 /колы/	14.03.2025 ж.
	Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы Ултанбаев А.Б.	 /колы/	13.03.2025 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е.	 /колы/	12.03.2025 ж.

Бұл стандарт «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ Баскарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Негізгі терминдер,қысқартылған сөздер және белгілер.....	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік.....	4
5	Жалпы ережелер.....	5
6	Қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері.....	5
7	Құқықтары.....	5
8	Еріктілер қозғалысының бағыттары.....	6
9	Еріктілер қозғалысының құрылымы.....	6
10	Өзге де құрамдас бөлімдермен өзара қарым-қатынасы.....	7
11.	Қосымшалар.....	8
	А қосымшасы Танысу парағы.....	8
	Б қосымшасы Өзгерістер тіркеу парағы.....	9

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Ереже университет студенттерінің волонтерлік қызметін реттеу негіздерін белгілейді, волонтерлер қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Осы құжатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР Заңы	Волонтерлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №42-VI ҚРЗ.
Жарғы	«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысы

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы құжатта терминдер мен анықтамалар қолданылмайды.

3.2 Қысқартылған сөздер

Осы құжатта төменде келтірілген қысқартылған сөздер пайдаланылады:

Дулати университеті	«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ
УСТ	Университеттің стандарттық талаптары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
КММ	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

3.3 Белгілер

Осы құжатта белгілер қолданылмайды.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы құжат Дулати университетінің Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

4.2 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартының талаптарына сәйкес болуы үшін құжатты әзірлеуші жауап береді.

4.3 Университеттің осы құжатын іске қосу, рәсімдерді ұйымдастыру, мониторинг және қадағалау жүргізу жұмыстары Жастармен жұмыс бөліміне жүктеледі.

4.4 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу 01 УСТ сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.5 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Б қосымшасы).

4.6 Осы университет құжатының жұмыс данасын сақтау, тираждау, сайтқа орналастыру және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

4.7 Осы құжаттың жаңа жұмыс даналары университеттің факультеттеріне және кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі. Құжаттың тираждалуы үшін «Dulaty university» баспасының директоры жауап береді.

4.8 Осы университет құжаттың бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. «BIZ BIRGEMIZ» еріктілер қозғалысы 2015 жылы «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» Жастар қанатының ішінен құрылып, студенттердің активі арқылы орындалады, олар профилактикалық жұмыс жүргізе отырып көптеген жастарды салауатты өмір сүруге насихаттайды.

5.2. Еріктілер - халықтың әлеуметтік қорғансыз бөлігіне, гуманитарлық қолдау көрсету барысында студенттердің саяси-әлеуметтік мәдениетін және ерікті азаматтық белсенді ұстанымын қалыптастыру.

5.3. Ереже университет студенттерінің волонтерлік қызметін реттеу негіздерін белгілейді, волонтерлер қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

6. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

6.1. Ерікті қайырымдылықтар мен демеушілік көмек түрінде берілетін қаржы қаражатын және өзге де мүлікті шоғырландыру, сондай-ақ оны одан әрі пайдалану (инвестициялау, салымдар, депозиттер, бағалы қағаздар, кепіл және т. б.));

- Әлеуметтік сипаттағы іс-шараларды жүзеге асыру, соның ішінде азаматтардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және ынталандыру, өмір сүру сапасын жақсарту және халық арасында дене белсенділігін ілгерілету бойынша қызмет көрсету;

- Азаматтардың денсаулығын сақтау және алдын алу, дене шынықтыру, спорт және халықтың руханилығын жаңғырту, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау және қолдау саласындағы бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыру және қолдау;

- Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- Ақпараттық және мәдени-ағартушылық қызмет, қозғалыстың мақсаттарын іске асыруға жәрдемдесуге бағытталған лекциялар, сөз сөйлеулер, семинарлар, конференциялар, мастер-кластар, көрмелер, концерттер, конкурстар және басқа да түрлі іс-шаралар ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстанда және шетелде осындай іс-шараларға қатысу;

- Материалдық ресурстарды, оның ішінде жылжымайтын мүлік объектілерін басқару және пайдалану, олардың жай-күйін қолдау және жақсарту, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған мүлікпен өзге де іс-шаралар (операциялар) ;

- Объектілерді салу арқылы аумақтарды жайластыруға көмек көрсету;

- Еріктілер қозғалысын қаржыландыру үшін отандық және шетелдік инвесторлардың қаражатын тарту;

- Ерікті қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында басқа да волонтерлік ұйымдармен аймақаралық және халықаралық байланыстарды құру және пайдалану;

- Түрлі гуманитарлық-ағартушылық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қолдау көрсету және жәрдемдесу.

7. ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Заңдылық - волонтердің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс. Заңның талаптарын, сондай-ақ қоғамда қабылданған этикалық нормалар мен ережелерді қатаң ұстану

- Ақпараттық, консультациялық, ұйымдастыру, өкілдіктік және басқа да қызметтерді көрсетуге;

- Кино мен бейнеөнімдер шығару үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға;

- Заңнамаға сәйкес, коммерциялық және бейкоммерциялық ұйымдар құруға, басқа ұйымдарға қатысуға, түрлі қауымдастықтар мен одақтардың мүшесі болуға;
- Еріктілер қозғалысының қызметіне және оның жобаларының бағдарламасын қаржыландыруға қаражат тарту және жинау бойынша іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;
- Халықаралық қызмет саласындағы байланыстарды дамытуға;

8. ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Әлеуметтік – жергілікті халықтың әлеуметтік қорғансыз бөлігіне, мүмкіндігіне шектеулі адамдарға, әлеуметтік жайсыз отбасыларына гуманитарлық-әлеуметтік қолдау көрсету, олардың толыққанды өмір сүруіне арналған жағымды жағдайлар құруға көмектесу;

Экологиялық – мемлекеттік және мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдармен бірігіп, табиғат амандығын сақтау, республика деңгейінде азаматтардың экологиялық білімін жетілдіруге негізделген жұмыс тәжірибесін тарату акцияларын ұйымдастыру;

Ивент-еріктілік – ең ауқымды бағыттардың бірі, себебі ол бірнеше бағыттарды қамтиды. Мұнда спорттық, мәдени және өзге де бағыттардағы шараларда көмек беруге болады;

Медициналық – қоғамдық ортаға түрлі салауатты тренингтер жасау және де акциялар ұйымдастыру;

Жарнамалық-насихаттаушылық – еріктілер қозғалысының әлеуметтік маңызды идеяларын қолдау, дамыту, әлеуметтік жарнамаларын ұйымдастыру қоғам қызмет ету әлеуметтік жауапкершілігін бұқаралық ақпарат құралдарына насихаттау;

Аниматорлық – балалар үйі, сауықтыру-бейімдеу орталықтары мен демалыс лагерьлерінде балалардың мәдени-бос уақытын ұйымдастыру және шығармашылық әлеуетін қолдау.

9. ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

9.1. Еріктілер қозғалысының қызметін үйлестіруді университеттің студенттік жастармен жұмыс жөніндегі мамандарымен бірге тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

9.2. Университеттің волонтерлік қозғалысының қызметіне тікелей басшылық етуді университеттің волонтерлік қозғалысының штабы жүзеге асырады.

9.3. Университеттің волонтерлік қозғалысының қатысушылары университеттің әр факультетінде білім алушылар қатарынан құрылған студенттік еріктілер отрядтары болып табылады.

Еріктілер қозғалысы:

- Лидер
- Лидер орынбасары
- Хатшы
- Әр бағыттың жетекшілері

Еріктілер қозғалысы өз жұмысында:

- Жастар ісі жөніндегі комитетімен;
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен, факультеттермен;
- Университеттің құрылымдық бөлімдерімен;
- Университеттің медиа қызметімен, басқа да сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

10. ӨЗГЕ ДЕ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті, жастар ұйымдары, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бөлімі, студенттік деканаттармен жұмыс атқарады. Облыстық деңгейде «Жас Отан» Жастар қанатымен, Жамбыл облысы «BIZ BIRGEMIZ» еріктілер қозғалысымен, «Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы» және облыстағы басқа волонтерлік қозғалыстармен бірге жұмыс атқару.

11.Қосымшалар

А қосымшасы

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

(міндетті)

[illegible]

Б ҚОСЫМШАСЫ

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]